

(Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ.)

ДӘЙЕКТІ СЫРТҚЫ САЯСАТ – ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕШЛІ

Аннотация

Бүгінгі таңда әлемдік тәртіптер мен қатынастар үнемі өзгерістерге ұшырауда. Осыған орай әлемдік қоғамдастықтағы әр мемлекет осы жүйеден өз орнын алуға ұмтылады. Кез келген мемлекеттің сыртқы саясаты сол мемлекеттің өмір сүруіне қолайлы сыртқы жағдайларды жасауды көздейді. Еліміздің сыртқы саяси бағытын қалыптастыру жолында Қазақстан дипломатиясы халықаралық достық пен ынтымақтасудың азиялық және еуропалық бағыттарын құқықтық тең дәрежеде ұстау ұстанымын алға қойып отыр. Қазақстан мемлекетінің сыртқы саясатының басым бағыттарын жүзеге асыруда «Қазақстан–2050» Стратегиясы аса маңызды құжат болып табылады. Ұзақ мерзімге арналған бұл стратегия мемлекеттің көпсалалы дамуының жаңа парадигмасын қалыптастырады әрі соған жол ашады. Құжаттың негізгі маңызды тезисі – Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатын айқындап беруінде.

Кілт сөздер: сыртқы саясат, әлемдік саясат, мемлекет, әлемдік қоғамдастық, жаһандану, қауіпсіздік, бейбітшілік, ынтымақтастық, парламент, халықаралық ұйымдар.

Ключевые слова: внешняя политика, мировая политика, государство, мировое сообщество, глобализация, безопасность, мир, сотрудничество, парламент, международные организаций.

Keywords: foreign policy, world politics, the government, the international community, globalization, safety, peace, cooperation, parliament, international organizations.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап дүниежүзіндегі мемлекеттер мен ұйымдар арасында әлемдік жақындасу, бірлесу, ортақтасу, мүдделердің тәуелділігі сияқты үдерістер күшея бастады. Себебі ортақ экономикалық, сауда, транспорт пен коммуникация, ғылым мен ақпарат байланыстары халықтар мен мемлекеттерді бір-біріне өзара тәуелді ете түсті. Әлемдік деңгейдегі ортақ мәселелер жүйесінің қалыптасуы XX ғасырдың 70-80 жылдарында нақты нәтижелерін беріп, әлемдік қоғамдастықта жаһандық жаңа тәртіптер қалыптасты. Адамзат өркениеті бір сапалық деңгейден, екінші мүлдем жаңа сапалық деңгейге ауысты. Осылайша, жаһандану үдерісі XXI ғасырдың бастапқы кезеңінде бұрынғыдан да әлеуетті бола түсті. Біздің заманымызда әлем мемлекеттері мен халықтары жаһандық мәселелер мен қауіптерге қарсы әлемдік саясаттың тиімділігін арттыра беруге мүдделі. Аталған саясатты жүзеге асыру қажеттілігі адамзат қауымын

ұлттық, нәсілдік, мемлекеттік, әлеуметтік-таптық тегіне қарамастан жаһандық мәселелерді бірігіп шешу әрекетіне бастап келеді. Жаһандану кезінде әлемдік саясатта дүниежүзінде халықаралық қауіпсіздік жүйесін жасау, мемлекетаралық қатынастарда күш көрсету мен зорлыққа жол бермеу, халықтар арасында сенім мен бейбітшілікке бастайтын қатынастарды қалыптастыру, жаппай қырып жоятын және ядролық қарулардың таралуына жол бермеу, әлемдегі қорқыныш пен үрейді, өзара жауласуды тоқтату және халықтардың бейбіт және тыныш өмір сүруін қамтамасыз ету тәрізді басымдықтар алдыңғы орынға шығуда. Осылайша, әлемдік саясат ең бастысы жаһандық бейбітшілікті қамтамасыз етуге мүдделі.

Бүгінгі жаһандану заманында Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың дербес субъектісі болып табылады. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жиырма бір жыл ішінде сыртқы саясат бағытында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Қазақстан ұлттық мемлекеттілігінің негізін қалап, оны нығайтты, елдің аумақтық тұтастығын және мызғымас шекарасын қамтамасыз етті, экономиканы нарықтық даму жолына түсірді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы халықаралық үдерістердің тең құқықты қатысушысы болып қалыптасты.

Еліміздің сыртқы саяси бағытын қалыптастыру жолында Қазақстан дипломатиясы халықаралық достық пен ынтымақтасудың азиялық және еуропалық бағыттарын құқықтық тең дәрежеде ұстау ұстанымын алға қойып отыр. Бұл жылдар ішінде Қазақстан Республикасы алыс-жақын шетел мемлекеттерімен, яғни, Ресеймен, Қытаймен және АҚШ-пен, Орталық Азия мемлекеттерімен, Еуропалық Одақ елдерімен, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен, Таяу және Орта Шығыс елдерімен өзара саяси, қауіпсіздік, экономика, мәдениет, ғылым салаларындағы нәтижелі қатынастарды дамытуға зор мән бере отырып, көпвекторлық саясатты жүргізуде. Демек «сыртқы саясатымызды теңдестіру әлемдік істерде елеулі рөл атқаратын және Қазақстан үшін практикалық қызығушылық туғызатын барлық мемлекеттермен достық және болжамды қарым-қатынастарды дамыту дегенді білдіреді» [1].

Осылайша, Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қоғамдастықтың дербес субъектісі болып табылады. Мұның жарқын дәлелі – Қазақстанның беделді халықаралық ұйымдардың, соның ішінде БҰҰ-ның толық құқықты мүшесі болуы, Хельсинки келісіміне қосылуы, Халықаралық валюта қорына, Бүкіл дүниежүзілік банкіге, Еуропалық қайта құру және даму банкісіне енуі және 2010 ж. ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі т.б.

Сондай-ақ бүгінгі таңда еліміз көптеген мемлекеттердің парламенттерімен де ынтымақтастық орнатты. Себебі парламенттік дипломатия – сыртқы саясаттың маңызды құралдарының бірі болып табылады. Әлемдік қоғамдастықта да парламенттік дипломатия қазіргі кезде өте қарқынды даму үдерісін басынан кешіруде. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің бесінші шақырылымы жұмысын бастағаннан бері 60 шетелдің парламентарийлерімен ынтымақтастық жөніндегі топтар құрылып, жұмыс істеп жатыр. Қазіргі кезде, сондай-ақ, Мәжіліс 14 халықаралық парламенттік ұйымдардың жұмысына қатысуда. Жалпы өткен жылдың ішінде Парламент Мәжілісінің депутаттары 384 халықаралық іс-шараға қатысты. Сол сияқты шетелдердің парламенттерімен екіжақты байланыстарды одан әрі нығайту бағытындағы жұмыстар жүргізілді. Депутаттардың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Парламентаралық

Ассамблеясының, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Парламентаралық Ассамблеясының және Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы Парламенттік Ассамблеясының шеңберінде әзірленіп жатқан үлгілік заңдардың жобаларымен жұмыс істеуге қатысқанын да атап өткен жөн. Міне, осылайша, халықаралық және парламентаралық ұйымдардың «алаңдары» Қазақстанның халықаралық аренадағы бастамаларын ілгерілету үшін тиімді пайдаланылуда. Мысал ретінде G-Global, «АТОМ» жобаларын атап көрсетуге болады.

Парламент Мәжілісі депутаттарының халықаралық қызметі әртүрлі салалардағы заңнамалық қамтамасыз етуді зерделеу мен тәжірибе алмасуға, шетелдермен байланыстарды нығайтуға, қазақстандық бастамаларды ілгерілетуге және еліміздің халықаралық аренадағы оң имиджін арттыруға бағыттталып отырғанын атап өту керек .

Бүгінгі таңда Қазақстан мемлекетінің сыртқы саясатының басым бағыттарын жүзеге асыруда «Қазақстан-2050» Стратегиясы аса маңызды құжат болып табылады. Ұзақ мерзімге арналған бұл стратегия мемлекеттің көпсалалы дамуының жаңа парадигмасын қалыптастырады әрі соған жол ашады. Құжаттың негізгі маңызды тезисі – Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатын айқындап беруінде [2].

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан–2050» Стратегиясында қалыптасқан Қазақстанның жаңа саяси бағытын белгілеп берді. Аталған құжатта дәйекті және болжамды сыртқы саясаттың, ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайтудың мақсаттары айқындалды. Осыған орай еліміздің сыртқы саясатын жаңғыртудың төмендегідей басымдықтары: аймақтық және ұлттық қауіпсіздікті жан-жақты нығайту; экономикалық және сауда дипломатиясын белсенді дамыту; мәдени-гуманитарлық, ғылым-білім және басқа шектес салалардағы халықаралық ынтымақтастықты арттыру; азаматтарымызды құқықтық қорғауды, олардың шетелдердегі жеке, отбасылық, іскерлік мүдделерін қорғауды күшейту тәрізді міндеттер белгіленді.

Назар аударатын маңызды жайт, жаһандану заманында әлемдегі әрбір мемлекеттің дамуы ішкі жағдаймен қатар, оның әлемдік қоғамдастықтың мүшелерімен орнатқан сыртқы қарым-қатынасына да тәуелді болып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, кез келген мемлекеттің өзінің мүмкіндігін жіберіп алмай, әлемдік экономикаға кірігуі қажеттігі туындайды. Себебі қай елдің де табысты дамуы өзге дамыған және дамушы мемлекеттермен дәйекті ынтымақтастық орнатуына тығыз байланысты болып келеді. Бұл ретте өзге мемлекеттермен экономикалық қатынастарды дамыту, инвестициялар тарту, олардың озық үлгідегі технологияларын пайдалану сияқты әрекеттер жүйесі маңызды міндеттерге айналатыны сөзсіз. Ал әлемдік қоғамдастық субъектілерімен өзара сенімділік қағидаларына негізделген Қазақстанның негізгі басымдықтары республиканың үдемелі экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуына қажетті қолайлы сыртқы саясатты қалыптастыруға бағытталған.

Өз кезегінде елімізде соңғы жылдарда V Астана экономикалық форумының өткізілуі, ядролық қауіпсіздік жөніндегі бастама мен Жалпыға бірдей ядролық қарусыз әлем декларациясының қабылдануы, Қазақстанның Еуропалық Қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымы мен Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына төрағалық етуі сияқты сыртқы саясат саласында маңызды іс-шаралар жүзеге асты. Сонымен бірге Қазақстан құрамасының Лондондағы жазғы олимпиада ойындарында медаль есебі бойынша 12-орын

алған табысы және Қазақстанның «ЭКСПО–2017» өткізу құқығы үшін күресте жеңіп шығуы тәрізді жайттар да еліміздің беделінің артуына оң ықпалын тигізді. Енді алдағы уақытта экономикамыздың инновациялық бағытын дамыту үшін ЭКСПО-ның тиімділігі мен зор мүмкіндіктерін мейлінше дұрыс пайдалану қажеттігін жүзеге асырудың маңызы айрықша.

Демек Қазақстан Республикасының әлемдік қоғамдастықпен интеграциялық жетістіктері еліміздің посткеңестік кезеңдегі өркендеуінің ең басты даму қырын айқындайды. Осымен байланысты 2012 жылғы ақпан айында Еуразиялық ықпалдастық институты сараптамалық сауалнама жүргізген болатын, онда сарапшыларға мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асырудағы мемлекеттік органдар іс-қимылының тиімділігін бағалау ұсынылды. Сауалнамаға мемлекеттік секторда (52,8%), сондай-ақ мемлекеттік емес секторда (47,2%) жұмыс істейтін 36 сарапшы қатысты. Олардың кәсіби қызмет салалары: саясаттану (36,1%), мемлекеттік басқару (16,7%), білім беру (19,4%), сондай-ақ әлеуметтану, мәдениет пен өнер, БАҚ, құқық, бизнес-консалтинг және т.б. қамтиды.

Сауалнама барысында сарапшылар мемлекеттік саясаттың 45 бағытының іске асырылуын 10 баллдық шәкіл бойынша (мұнда 1 – мүлде тиімсіз, ал 10 – тиімділігі жоғары) бағалады. Сарапшылардың орташа бағасына сәйкес мемлекеттік саясаттың рейтингі түзілді (кесте).

Кесте – Мемлекеттік саясаттың жекелеген бағыттарын іске асыру тиімділігінің рейтингі

Орын	Бағыттар	Орташа
1	Ішкі саясат	7,56
2	Ықпалдастық процестеріне қатысу	6,97
3	Азаматтық татулық пен келісімді сақтау	6,81
4	Ұлттық саясат және этносаралық қатынастарды реттеу	6,50
5	Ақпараттандыру және телекоммуникация	6,33
6	Елдің беделін нығайту	6,11
7	Елдің қаржы жүйесін қолдау	5,85
8	Экономикалық саясат	5,75
9	Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету	5,74
10	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	5,61
11	Салық саясаты	5,50
12	Инфляцияны тежеу	5,38
13-14	Мәдениетті қолдау Ана мен баланы қолдау	5,33
15	Бюджет саясаты	5,32
16	Бұқаралық спортты дамыту және саламатты өмір салтын насихаттау	5,31
17	Елдің индустриялық-инновациялық дамуы	5,28
18	Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету	5,22
19	Шағын және орта бизнесті дамыту мен қолдау	5,19
20	Азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету, қандай болмасын себеппен кемсітушілікке жол бермеу	5,11
21	Тіл саясаты	5,08
22-23	Денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру Бала құқығын қорғау	4,97

24	Көлік инфрақұрылымын дамыту	4,94
25	Ғылым мен жоғары технологияны дамыту мен қолдау	4,92
26	Жоғары білім	4,83
27	Көші-қон саясаты	4,78
28-29	Денсаулық сақтау сапасын арттыру	4,72
	Білім беру сапасын арттыру	
30	Орта және арнаулы орта білім	4,67
31	Діни саясат	4,65
32	Жұмыссыздыққа қарсы күрес	4,61
33-34	Азаматтық қоғам институттарын қолдау	4,56
	Мүгедектерді әлеуметтік қолдау	
35	Мектепке дейінгі білім беру	4,54
36	Халықтың тұрмысы төмен топтарын әлеуметтік қолдау	4,39
37	Елді мекендерді абаттандыру	4,33
38	Жастар проблемаларын шешу	4,31
39	Қоғамды демократияландыру	4,19
40	Тұрғын үй проблемасын шешу, тұрғын үй құрылысы	4,00
41	Қызметкердің құқығын қорғау	3,94
42	Ауыл шаруашылығын қолдау және ауылды дамыту	3,92
43	Монополияға қарсы реттеу және бәсекелестікті қорғау	3,85
44	ТКШ проблемаларын шешу	3,58
45	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	3,19

Рейтингтің алғашқы «ондығына» қарасақ, сарапшылар мемлекеттің халықаралық қатынастар саласындағы күш-жігерін неғұрлым оң бағалайтынын көреміз: интеграциялық процестерге қатысу – рейтингте 2-орын, мүмкін 10 баллдан – 6,97 балл, елдің беделін нығайту – 6-орын, 6,11 балл алған. Сарапшылар берген жоғары бағалар Қазақстанның өңірлік ықпалдастық бастамалары, әсіресе Кеден одағы шеңберіндегі бірқатар қадамдарына байланысты [3].

Сонымен еліміздің сыртқы саяси бағытын жүзеге асыруда сыртқы саясатты әртараптандыру, ұлттық экономикалық және сауда мүдделерін ілгерілету үшін экономикалық және сауда дипломатиясын дамыту, әділ және қауіпсіз әлем орнықтыру үшін баршаның күшін біріктіру сияқты маңызды міндеттерді жүзеге асыру сыйластық пен тепе-теңдік қағидаттарына негізделуі тиіс. Осы мақсатқа жету үшін әрбір азаматтың еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді нығайту ісіне сүбелі үлес қосуының мәні зор.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан–2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // Алматы ақшамы. – №151-152 (4713). -2012. - 15 желтоқсан.
- 2 Сыртқы саясат: басымдықтар мен негізгі бағыттар // Егемен Қазақстан. – 2013. – 13 наурыз.
- 3 eurazis.kz/.../45-eksperty-ob-effektivnosti-realizatsii-osnovnykh-napravlenij-gosudarstvennoj-politiki

REFERENCES

- 1 Nazarbaev N.Ә. «Қазақстан-2050» strategijasy қалыптасқан мемлекеттің зһаңа сајаси бағыты» // Almaty ақшамы. – №151-152 (4713). -2012. - 15 zheltoksan.
- 2 Сыртқы сајасат: басымдықтар мен негізги бағыттар // Egemen Қазақстан. – 2013. – 13 наурыз.
- 3 eurazis.kz/.../45-eksperty-ob-effektivnosti-realizatsii-osnovnykh-napravlenij-gosudarstvennoj-politiki

Резюме

Т.К. Ауелгазина, К. Калдыбай

(Қазақский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы)

ФОРМЫ СОТРУДНИЧЕСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ОБЛАСТИ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ

Статья посвящена одной из актуальных проблем в обществе, изучению основных форм сотрудничества Республики Казахстан в области внешней политики. В статье освещаются основные принципы сотрудничества Казахстана с мировым сообществом. Авторы дают научный анализ прикладных подходов к изучению данной проблемы.

Ключевые слова: внешняя политика, мировая политика, государство, мировое сообщество, глобализация, безопасность, мир, сотрудничество, парламент, международные организаций.

Summary

A.T. Kudaibergenovna, K. Kaldybai

(Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty)

OF KAZAKHSTAN IN THE FIELD OF FOREIGN POLICY

The article is devoted to one of the most pressing problems in society, the study of the basic forms of co-operation of the Republic of Kazakhstan in the field of foreign policy. The article covers the basic principles of cooperation between Kazakhstan and the world community. The authors give a scientific analysis applied approaches to the study of this problem.

Keywords: foreign policy, world politics, the government, the international community, globalization, safety, peace, cooperation, parliament, international organizations.

Поступила 22.04.2013 г.